

УДК 94(574)

Айдарова Шолпан Абдрашитқызы

тарих ғылымдарының кандидаты, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, халықаралық қатынастар, тарих және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті
e-mail:sholpan@mail.ru

Жұматай Самат

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті магистранты
e-mail: koreev95@mail.ru

ТҰҒЫРЫЛХАН – ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ

Бұл мақалада автор Керей ханы Тұғұрылдың ел басқарудағы саясатын тарихи деректер арқылы талдайды. Мұнда Керей ханы, Тұғұрылхан батыстағы Еуропа және шығыстағы Қытай мәдениетінің жетістіктерін толық пайдаланып, өзінің «Хан ордасының» сәулеттік құрылымын аса шеберлікпен салғандығы сипатталады.

«Монғолдың құпия шежіресінде» Тұғұрыл ханның моңғол ханы Темужинді кішкентай кезінен тәрбиелеп, әскери өнерге баулығаны айтылады. Керей ханы туралы мәліметтер Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағында» да кездеседі. Сондай-ақ, Тұғұрылхан және оның ұрпақтарының ерлік іздері моңғол, араб-парсы, түрік, қытай, орыс, жапон жазбаларында ғана кезігіп қана қалмай, Марко Полоның «Путешествия, Открытия, Приключения» және П.Карпини мен Г.Рубрук «Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука» атты еңбектеріндегі керейлер жөнінде жазған деректері келтіріледі.

Кілттік сөздер: тарих, шежіре, Тұғұрылхан, хан, Шыңғысхан, керей, тайпа, деректер.

В данной статье автор анализирует исторические данные ханства Керей Тугурыла в управлении страной через политику. Здесь описывается, что Керей Хан, Тугурылхан полностью использовали достижения Западной Европы и китайской культуры на востоке, с большим мастерством построили свою архитектурную структуру «ханской Орды».

В «Монгольской летописи» говорится, что Тугурыл-хан с раннего детства воспитывает монгольского хана Темужина и прививает его к боевому искусству. Сведения о Хане Керей встречаются и в «Сборнике летописей» Рашид-ад-Дина. Кроме того, следы героизма Тугурылхана и его потомков имеются не только в монгольской, араб-персидской, тюркской, китайской, русской, японской записях, но и в трудах Марко Поло «Путешествия, Открытия, Приключения» и П. Карпини и Г. Рубрук «Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука».

Ключевые слова: история, шежире, Тугурылхан, хан, Чингисхан, керей, племя, данные.

In this article the author analyzes the historical data of Khan Kerey and Tuguryl in the governance of the country through politics. It describes that Kerey Khan and Tuguryl Khan fully used the achievements of Western Europe and Chinese culture in the East, and built their own architectural structure of the "Khan's Horde" with great skill.

In the "Mongolian chronicle" it is said that Tuguryl Khan from early childhood brings up the Mongolian Khan Temujin and instills him in the martial art. Information about Khan Kerey is also found in the "Collection of Chronicles" of Rashid al-DIN. In addition, traces of the heroism of Tuguryl Khan and his descendants are found not only in the Mongolian, Arab-Persian, Turkic, Chinese, Russian, Japanese records, but also in the works of Marco Polo "Travels, Discoveries, adventures" and P. Carpini and G. Rubruk "Travels to the Eastern countries of PLANO Carpini and Guillaume de Rubruk".

Key words: history, shezhire, Tuguryl Khan, Khan, Shynhys Khan, Kerey, tribe, data.

Тұғұрылхан (1130-1204 ж.ж.) VII ғасырда негізқаланған Керей мемлекетінің XII ғасырдағы атақты билеуші ханы. Олкерей елінің ханы Мархұздың үлкен ұлы Құршақұз Бұйрық ханының ұлы. Темужиннің анда (өкіл) әкесі, әрі әскери өнерге баулыған алғашқы ұстазы. Шыңғыс хан етіп алтын таққа отырғызушы [1, 12б.]. Тұғұрыл хан 1130 жылы туған. Шыңғысханнан 32 жас үлкен. Оның әкесі Есукейдің серт (анда) байласқан досы. Шыңғысханның әрі ұстазы әріөкіл әкесі.

Қазіргі кезде, моңғол археологтары Тұғұрылхан ту тіккен Тула өзенінің бойындағы ескі хан ордасына кешенді түрде қазба жұмыстарын жүргізіп, толыққанды зерттеуді бастады. Тұғұрылханның ордасы

бүгінгі Моңғолияның ел астанасы Ұлан-батырдан 30 шақырым жерде Тула өзенінің бойына аспанмен бой таласқан Боғда тауының етегіне орналасқандықтан кейіннен «Хан тауы» деп аталған. 1204-жылы Керей хандығы құлағаннан соң Шыңғысханның орда құруына байланысты тарихта «Шыңғыстың үшінші ордасы» деп те аталған.

Тұғұрылхан батыстағы Еуропа және шығыстағы Қытай мәдениетінің жетістіктерін толық пайдаланып, өзінің «Хан ордасының» сәулеттік құрылымын аса шеберлікпен салған. Бүгінгі заманғы жаңаша ойлығалымдардың көзімен қарағанда Тұғұрылхан және ол басқарған керей мемлекеті орыс, қытай деректерінде көрсетілгендей орта деңгейдегі қарапайым ел болмаған. Моңғол

империясының тарихын зерттеушілер: Шыңғыс қағанның алғаш адам болып, ат жалын тартып мініп, күйзелген елін бүтіндеп, күйреген жұртын жинауы осы Тұғырылханның арқасы екеніне ешшүбә келтірмейді. Тіпті монғол ұлтының арасында күні бүгінге дейін өздерінмақтанышпен Тұғырылханның әулеті санайтындар да аз емес.

Қазақ ұлтын қалыптастырушы тұлғалар қатарында аты аталатын Шыңғысхан - қазақ хандарының әулеттік негізін қаласа, сол Шыңғыстың өкіл әкесі, тәлімгері болған Тұғырылхан туралы да шежірелік деректер де аз емес. Солардың басында, 282 баптан тұратын «Монғолдың құпия тарихының» («Монголын нууц товчоо») тұрғанын атап кеткеніміз жөн (оның 21 бабы керейттерге қатысты), («Юань чао би-ши» және Лувсанданзанның «Алтан товч» шежіресінде 233 бап айна қатесіз қайталанған, дәл сондай қайталанулар Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағында» да кездеседі). Тұғырылхан және оның ұрпақтарының ерлік іздері монғол, араб-парсы, түрік, қытай, орыс, жапон жазбаларында ғана кезігіп қана қалмай, Марко Поло, П.Карпини және Г.Рубруктағы басқазерттеу еңбектері арқылы да әлемге әйгілі болды.

Сібір хандығын құрушы хандар - Тайбұға, Сейдақтар да Тұғырылдың тікелей ұрпағы. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дегендей, тарихымыздың ақтаңдақтарын түгендеуде біз қалай жалтарсақта Шыңғысхан дәуірінен аттап кете алмаймыз, ал сол Шыңғыстың оң-солында, алды артында кім болды дегенде, ауызға ілігер тарихи тұлғаның бірі - Тұғырылхан. Тұғырылхан есімінің Шыңғысқа аталық, ағалық, ұстаздық жолмен аталуының өзі-ақ, оның тарихтан алар орны мен мәртебесінің аса жоғарылығын аңғартады. Тарихқа «Оң хан», «Уаң хан», «Тоорил», «Тоғырылхан», «Тұғырылхан», «Иоан» және т.б. сынды есімдермен таңбаланған осы бір аты шулы тұлғаның қазақ тарихын құраушы ежелгі мемлекет иесі болғаны белгілі.

Құршақұз Бұйрықтың төрт ұлының ішінен Тұғырыл тым қатаң да әккі саясаткер болып шықты. Ол Есугеймен жасаған аңдалық достығының арқасында ел билігін қолына алды. Кейінірек ел билігін сақтап қалуына Тұғырылға Шыңғыс хан көмектесті.

Монғол жылнамаларында Керейт ханы Тұғырыл ата-бабасынан бері тек Хабул хан әулетіне арқа сүйеп келген сияқты етіп көрсететін сыңар жақтылау сарын бар, ал іс жүзінде бір-біріне көмек қолын созу екі жақта

да болғандығын моңғол шежірелерінің өзінен-ақ көруге болады. Айталық, 1179 жылы Меркіттерге қарсы бірлесіп аттанып Бөргені азат ету жорығы тікелей Керейт ханы Тұғырылдың қолдауымен ұйымдастырылды. Бұл кезде Тэмужин тым осал болатын [2, 7286].

1182 жылы Тэмужинды Хамаг моңғолдың ханы сайлағанда бұл хабарды естіп «Өкіл ұлының (Тэмужин) хан болғанын» қолдап алғаш батасын берген де осы Тұғырыл еді. Тэмужиннің әкесінің ант-су ішіскен досы Тұғырыл үшін бұлай ету қисынды қадам еді. Тіптен әкесімен достығын, өкіл әкелік міндетін былай қойғанда, Керейттер үшін көрші халықтың береке-бірлігі мен тыныштығы ауадан қажет болатын. Керейттер де тайпа аралық қақтығыстардан мезі болған еді. Сондықтан Тұғырылдың мұнда ел іргесінің тыныштығын бірінші орынға қойып отырғаны сөзсіз.

Ал Шыңғыс хан келер күннің қамы үшін әлі де Тұғырылға арқа сүйеп, одақтаса тұруды жөн көрді. Сөйтіп, Тұғырыл мен Тэмужиннің бұрынғы «аңдалық» арақатынасы енді ұлыс пен ұлыстың, хан мен ханның арақатынасына айналды. Бұл шын мәнінде, моңғол үстіртінде келешекте бас билеуші кім болу керек деген сауалға жауап іздеген үлкен саясаттың бастамасы болатын. Есугей өлген күннен бастап, осы күнге дейін екі тайпаның бірлескен қимылдарының қозғаушы күші және тірегі Керейттер еді де, Қият-боржығындар оның жебеушісі саналатын, ал Тэмужин хан болғаннан кейін бұл екі тайпа өзара рөл алмасты: Тэмужин бастаған моңғолдар моңғол үстіртіндегі әскери-саяси биліктің тізгінін өз қолына алды. Солай бола тұра Уаң хан Тэмужинге берген антына адал күйінде қала берді.

Тэмужин мен Тұғырыл көптеген жорықтарда бір-бірімен одақтас болды. Алақай Бұлақ одағына қарсы күрес Уаң хан мен Тэмужин одағы үшін үлкен сын болды. Егер бұл жолы Уаң хан Алақай Бұлақ одағына қарсы Тэмужин мен тізе қоса аттанбағанда Тэмужиннің халі мүшкілдеп кетуі мүмкін еді. Уаң хан алған антында тұруының арқасында Тэмужин бұл жолы да сыннан сүрінбей өтті. Әрине бұл жолғы жеңіс оңайлықпен келмегені рас. Жеңістің қорытындысы Тэмужин бастаған моңғолдар мен Керейт жағына стратегиялық басымдылық әперді. Бірақ бір одақта терезесі тең екі күш, екі тұлға тұрғанда мұндай басымдылықты сақтап қалу оңайға түспейтіні белгілі. Осыны сезінген Тэмужин керейттерді өзіне бағындыру жолдарын қарастыра

бастайды. Бірақ өз алдына жеке-дара билігі бар Керейттер мұндай қадамға бара қоюы екі талай еді.

«Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері»-нің I томында Тұғырылхан туралы көптеген тарихи деректер бар [3, 211б.].

«Моңғолдың құпия шежіресі» - 96 бап: «Ерте күнде әкем Йесүкеймен Керей елінің Оң ханы анда болған еді. Әкемнің аңдасы әкем сынды болар» деп Оң хан Тул өзені Қара-Түн деген жерде болар деп аттанды. Темүжін Оң ханға барған соң: «Әкем марқұмның ежелгі досы сізді өз әкеміздей ойлап, өзім үйленгенде енеміз әкелген қара мақпал бұлғын ішікті сізге әкеліп отырмын» - деп ішігін ұсынады. Бұған дән риза болған Оң хан былай дейді:

«Қара бұлғын ішігің,
Қар болып текке кетпесін.
Тозғындаған еліңді,
Топтастырып берейін.
Бытыраған еліңді,
Біріктіріп берейін,
Ай, дейтін болсын атасы.

Қой дейтін болсын қожасы» [4, 221 б.].

Бұл бөлімде баян қылынғанындай бала Шыңғыс өкіл әкесі хан Тұғырылға қара бұлғын тон ұсыналы. Шын мәнінде хан аңның алақандай терісіне мұқтаж емес еді. Мұнда өзіне кіріштар, мүдделі болған жанның еткен тарихы мен оның әкесі Ясукейдің жасаған жақсылығын еске алудан қалса, бала Шыңғыстың бет-пішін, әлпетінен болашағын таныған кемеңгерлік жатқан елі. Шыңғыстың адам болып, атқа қону хикаясы осылай басталады. Дерек көздеріне жүгінер болсақ Тұғырыл хан әкесінің хан тағына мұрагерлік жолмен отырған жоқ еді. Әкесі баки дүниеге аттанған кезде Тай Темүр Тайчі деген ұлын мұрагер етіп белгілеген әрі хан тағына сол отырған [5, 222 б.]. Тұғырыл болса бұл кезде елдің шекаралық аймағындағы өз иелігінде жүрген. Кейін келе, Тұғырылхан Тай Темүр Тайчі мен оның жақтастарын өлтіріп, хан тағына өзі отырған. Бұл кезде Тұғырылхан отыз жаста еді. Түрлі жәйттерді ескергенде оның хан тағына отыру оқиғасы 1160 жылдар шамасында болғанға ұқсайды. Тұғырыл ханның бірінші рет тақтан тайып, Есүкейдің көмегімен Керей хандығын қайта тартып алу уақыты туралы нақтылы мәлімет болмағандықтан, айтулы оқиға 1160 жылдан 1171 жылға дейінгі он неше жылдың ішінде болған деп болжамдауға болады. Меркіттердің Бөрте Үжінді тартып алып кетуі және Тұғырылханның оны Темүжінге алып беруі 1183 жылдың шамасында болған оқиға.

Себебі, 1184 жылдан бұрынғы және 1190 жылдан кейінгі жылдары Тұғырылхан Монғолиядағы басты тұлға ретінде кездеседі. Бұған қарап Тұғырыл 1190 жылға дейін Керей хандығы хан тағын Еркеқарадан қайта тартып алған деген қорытынды шығаруға тура келеді.

Керейлер мен моңғолдар өзара ант су ішіскен түбегейлі достық қатынаста болды. Бұл қатынас Тұғырыл және Темүжин (Шыңғыс хан) тұсында одан әрі жалғасты. Уаң хан Темүжинді өкіл ұлы санады. Темүжин 1189 жылы өз әулетінің ханы сайланғанда оны алғаш қолдағандардың бірі осы Уаң хан болды. Темүжиннің ар-намысын қорғау үшін 1179 жылы меркітке қарсы құрылған үштік одағын (Уаң хан, Жамұқа және Темүжин) ұйымдастырушы да Уаң хан еді.

Аталған жорыққа тек керейдің өзінен 20 мың қол атқа конды. Керейлер Темүжин бастаған топпен бірлесіп, 1198 жылы татарларды шапса, 1201 жылы Жамұқа бастаған Алақай бұлақ одағына соққы берді. Темүжинмен бірлесіп, 1203 жылы наймандардың батыс қанатына шабуыл жасады.

Деректерде Тұғырылхан кезекті хан тағына отырғаннан кейінгі ең елеулі оқиға ретінде оның Цзинь патшалығы тарапынан «ван» деп ұлықталу мәселесіне көңіл аударған, «Цзиньни» кітабы берген мәлімет бұл оқиғаның 1196 жылы болғанын хабарлайды, Тұғырылханның Моңғолиядағы басты тұлғалық келбеті 1196 жылға дейін қалыптастып болған еді. өздерін аспан астының несі санайтын Цзинь патшалығылық «ван» деген атақпен ұлықталуы оның далалық аймақтағы билігін заңды тұрғыдан мойындағаны болды. Бұл жолғы ұлықтау Тұғырылханның өз ұлысына, тіпті өзге кешпенділерге өз билігін жүргізу үшін батыл қадамдарға баруына керемет мүмкіндіктер берді. Тұғырылханның Темүжінге қарасты моңғолдармен бірлікте әуелі найманды, артынша тайшығұтты жеңіп атақ-абыройының асқақтауы далалық тайпалар мен тайпалық одақ билеушілерін қобалжыта бастады. Деректерде: «Шыңғысхан мен керейіттердің билеушісі Ван-хан бір-біріне былай деді: Жауға кенеттен соққы беру керек. Бір ортақ күшпен соққы беретініміз немесе жабайы аңды топ құрып қаумалап аулайтынымыз сияқты» делінеді [6, 357 б.]. Олар өздеріне қандай бір қауіптің төніп келе жатқанын сезінді. Мұндай үрей оларды да одақтасуға мүдделі етті. Тарихи деректерге қарағанда, одақ құру туралы бастаманы көтергендер қатаған, салжиут тайпасы болған. Осыдан

шамалы уақыт бұрын Темүжін олардың нояндарына өзіне бағыну туралы елші жіберген, өкінішке орай олар келген елшінің бетіне ыстық сорпа шашып, қорлан қуып жіберген. Одақтастар қатарында дәрбен, татар, ікірас, королас, қонырат және тайшығұт тайпалары болған. Олар одақ құрып, ақ айғыр сойып серт беріскен, кейін Тұғырылхан мен Темүжін жедел түрде дайындалып, Онон өзені бойынан Көлүн-Бүйір көлі тарапқа қарай жорыққа аттанып, қазіргі Моңғолия мен ҚХР ІММА-ны аумағындағы Бүйір көлдің маңында одақтастар армиясын талқандайды. Бұл оқиға 1200 жылы болды. Тұғырылханның 1199 жылдан кейінгі Шығыс Моңғолиядағы түрік-моңғол тайпаларын бағындыру жолындағы қимылы нәтижесінде наймандарды өз ішіне алған түрік-моңғол тайпаларының екінші тобы уақытша болса да «Гүрхан» дегі ұлықтаған моңғол билеушісі Жамұха оның өз вассалына айналған еді. Деректер мәліметтер бойынша соғыс майданынан қашып шыққан Оң хан мен Сенгүм бірден ұлыстың батысындағы наймандарға қарай ат басын бұрған көрінеді. Алайда олар найман шекарасына жеткен кезде, найман Таян ханның Құры Сүбечі және Гинк Шал есімді екі шекарашысы Оң ханды қапияда қолға түсіріп, оның «Мен Оң ханмын» дегеніне қарамастан өлтіріп тастап, басын кесіп І аян ханға апарып береді. Таян хан олардың бұл қылығын жақтамаған, ол: «Сендер мұндай ұлы әміршіні не себепті өлтіріп тастайсындар? Оны тірі алып келулерің керек еді ғой!» деп жазғарған. Ол [Оң ханның] ұлылығын, оны құрметгеу (керек екендігін) әйгілеу үшін. Оң ханның басын күміспен күптетіп, өзінің алтын тағының үстіне көп уақыт бойы қойып қойған [7, 133б].

Моңғол империясының тарихын зерттеушілер: Шыңғыс қағанның алғаш адам болып, ат жалын тартып мініп, күйзелген елін бүтіндеп, күйреген жұртын жинауы осы Тұғырылханның арқасы екеніне еш шүбә келтірмейді. Тіпті моңғол ұлтының арасында күні бүгінге дейін өздерін мақтанышпен Тұғырылханның әулеті санайтындар да көп. Тұғырылханның қыс қыстау, жаз жайлауын Ұланбатыр өңіріндегі жерлік ауылдағы моңғолдардың оларындарды қасиеттеп «Тұғырыл ханның – Уаң ханның» деп күні бүгінге дейін әспеттейтін белгілі.

Тарихи деректер бойынша Алтын елінің императоры Тұғырылханға «Ханның ханы» деген мағынамен «Уаң хан» деген атақ теріп, кейін келе ол ханның есімі ретінде кеткендігі айтылады. Тегі итальяндық жиһангер Марко Поло: «Әлемге аты әйгілі, әсіресе

еуропалықтар қатты әсерленетін шығыстағы «Иоан поп» дегеніміз осы «Уаң хан» деп атайтындар бар.

Маркүс Бұйрықтың немересі Куржакуз Бұйрық ханөлген соң, ұрпақтары хан тағы үшін өзара көп қақтығысты, Керейлерді, бір жағынан, татар, тунгустар қыспаққа алса, екінші жағынан, Ерке қара тобын наймандар қолдады. Тұғырыл Уаң хан тобына («Тұғырыл» - өзаты, ал «уаң хан» немесе «ұлыс билеушісі» лауазымы - Тұғырылға шүршіт ханы Вангин Чинсан берген лауазым) Есукей батыр бастаған татарлар ішіндегі боржигин руының моңғол аталығы қол ұшын берді [8, 68-71 бб].

Уа. Тұғырыл, Тұғырыл,

Айбатты алып хан едің.

Даңқын кеткен әлемге.

Атағы зор жан едің,

Құтлық әже өсірген,

Бұйрықтан туған дана едің...,- деген жыр жолдары бар.

Тұғырылдың інісі Жақа батырдың асқан сұлу төрт қызы болған. Оның үшінші қызы Сұртоқтыдан Шыңғысханның кіші ұлы Төлегетай үйленеді. Сұртоқтыдан атақты хандар - Мөңке, Құбылай, Құлағу, Арықбұқа төртеуі туған. Демек, қазақтың «ер тағайына тартып туады» (тағайы – нағашысы) немесе «жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» деген сөздері осындайға қаратылып айтылған ғой. Атақты Тұғырылханның жиендері бүкіл әлемді алақанына салған әйгілі тұлғаларға айналды.

Тұғырылхан өлгенмен оның халқы торғайдай тозып кеткен жоқ. Олар Шыңғысханның түркі-моңғол әскерлері құрамындағы негізгі күшке айналды. Әлемді ат тұяғымен бағындырып, қазақ халқының қалыптасуына негіз болды. Шын мәнінде қазақ мемлекеттігінің төркіні ұлт ретінде атала бастаған бергі тарихтан емес, арғы дәуірдегі қыпшақтар, қаңлылар, меркіттер, керейттер мен наймандардың мемлекеттерінен қарастырсақ, Тұғырылхан мемлекетіміздің ірге тасын қалаушы ежелгі тұлғаларамыздың бірі саналады.

Тұғырыл – Оң ханның ұрпақтары Алтын Орда дәуіріне дейін өз үстемліктерін жойған жоқ. Алтын Орда ыдырау кезеңінде Жошы-Шибан нәсілімен тайталасып, әуелде Шибан әулеті жеңіске жетсе де, Тайбұға тұқымы қайта билік құрды. Тайталасқан билік таластары ортасында тарих сахнасына Сейдақ хан келді. 1582 жылы Сібір ханы Сейдақ Тайбұға ұрпағы ретінде Қазақ ханы Тәуекелмен Одақтық келісімге қол қойып, оның ағасының ұлы Ораз

Мұхамедті аманатқа алған еді.

Сейдақ хан Ермакты жеңіп Сібір хандығын қайтарып алды. 1588 жылға дейін хан болып отырды. Тұғырыл (Оң) ханның ұрпағы Сейдақ хан Тобыл қамалында аяр опасыздық нәтижесінде, қазақ сұлтаны Ораз-Мұхамедпен бірге тұтқынға түсіп, Мәскеуге жөнелтілді.

Әлі де тереңдей зерттеуді қажет ететін дерек көздері бойынша Тұғырылханның ұлы Тайбұғаның хандық құрған мерзімі 1220-1290 жылдар болса, өмір сүрген уақыты 1201-1290 жылдарға тура келеді. Хандық мұрагерлері мен ханзадалар есімдерінен - Мамық хан, Хожа Марданұлы (орыс дерегінде Ходжа Марович), Алшағыр Қағанұлы, Сауысқан, Шегір Алшағырұлы, Дәулетше Омарұлы, Әбілқайыр, Абалақ (Абақ) хан, Ангиш (Аңгал) хан, Мұса би, Мұхамед Тайбұға Әбдірұлы. т.б. көптеген кісі аттары кездеседі.

Тұғырылхан мемлекетінің бір бұтағы болған Тайбұға негізін қалаған Сібір хандығына осы 2020 жыл 800 жыл толады. Хандары мен халқы Қазақ халқының негізін қалаған ру-тайпалар құралған Сібір хандығы Азияның саяси сахнасында биік мінберге көтерілмесе де, мемлекетті құраушы тайпаның ұрпақтары қазақ мемлекеттігінің тұғырлы туының астында ордалы ел болып отыр.

Тұғырылхан және оның ұрпағы болған Тайбұға мен Сейдақ ханның да ошағы күні бүгінге дейін сөнген жоқ. Көптеген ұрпақтары қазіргі қазақ жерінде тұрып жатыр. Жер шарына тарыдай шашылып кеткендері де аз емес. Хандар қара шаңырағының түтінін түтеткен ұл-қыздарының бір бөлімінің Қызылжар, Омбы, Ақмола, Қостанай, Қорған, Түмен облыстарындатұрып жатқанын да мақтанышпен айтуға болады. Әрі олар қоныстанған аймақтардағы Тайбұға, Сейдақ хан жұрттарының зерттеуді қажет ететіндігін де ел есіне салғымыз келеді.

«Тұғырылхан» мен ол құрған мемлекет және оның мұрагерлері хақында қазақ қаламгерлерінен - Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпейұлы, М.Мағауин, З.Қинаятұлы, Ж.Ошан, Ш.Құмарұлы, З.Сәнікұлы, т.б. қаламгер еңбектерінде көптеген деректер қамтылған.

Еңбегі: Тарихта керейлердің дәуірлеген кезеңі - Уаң хан басқарған тұс. Батыс католиктеріне «шығыстан шыққан пірәдар Иоан» аңызы бойынша жеткен оның Уаң хан аты кезінде Батыс Еуропаны дүр сілкіндіргені белгілі.

Алайда Уаң хан мен Тэмужин достығы да ұзаққа созылмады. Даңқы арта түскен Тэмужин керейлерді «бейбіт түрде ел болып

бірлесуге шақырды». Бірақ керейлер Тэмужиннің бұл пікірін қабылдамады. Сөйтіп, екі жақ 1203 жылы ақтық шайқасты шықты, керей жеңіліп, тарих тұғырынан тайды [9, 121 б.].

Керейлердің бір тобы ата жұртында қалып, Шыңғыс хан империясына қызмет етті. Енді бір тобы батысқа - Орта Азияға бет бұрды. Мұнда келгендері Жошы, Шағатай ұлысы, Моғолстан билігінде болып, кейін Қазақ хандығына бағынып, қазақ ұлтын құрады. Керейлер өзбек, қырғыз халықтары арасында, кіші жүз құрамында да кездеседі.

Тұғырылхан өлгенмен оның халқы торғайдай тозып кеткен жоқ. Олар Шыңғысханның түркі-моңғол әскерлері құрамындағы негізгі күшке айналды. Әлемді ат тұяғымен бағындырып, қазақ халқының қалыптасуына негіз болды. «Сібір жылнамаларында» деректерде Уаң ханның Тайбұға деген ұрпағы Шыңғыстың әмірімен Ертіс, Об бойындағы жұрттарды бағындырған әскерге басшы болып, кейіннен сол жерлерді Моңғол империясы ханының рұқсатымен өз иелігіне алған. Бұл жерде Шыңғыс ханның байтақ империясының теріскей шетіне әуелден аралас-құралас, құландалы хан ордасының мұрагерін қою арқылы, олармен қайтадан дұрыс қарым-қатынас орнатуға құлықты болғаны байқалады. Тайбұға Ібір-Сібір аймағын өз иелігіне алғаннан кейін Тобылдың бір сағасы Тұра өзеніне Төмен өзені құяр тұсқа Шыңғы (Шымға) деген қала салады (ол қазіргі Төмен қаласының іргесі). Тайбұға тұқымы бұл өңірде XV ғасырдың соңғы ширегіне дейін билік жүргізді.

Кейіннен орыс отаршылдығының күшейе түсуі Тобыл, Тұра, Об бойын жайлаған керейлерді Солтүстік Қазақстан өңіріне қоныс аудартты. М.Тынышбайұлы керейлердің Шыңғыс ханға мойынсұнбаған бір бөлігі меркіттермен бірге Торғай даласына дейін ығысқан еді, бүгіндері Кіші жүздің Жетіруы құрамында Керейт тайпасы сол босқындардың ұрпағы болуы мүмкін десе, Ақсақ Темір жорықтары туралы жазбалардан сол кезде Керейлердің Қара Ертістен Алакөлге дейін мекенденгенін айтады [10, 44-45 бб].

Жоңғарлардың XV ғасырдың басынан қуатты күшке айналуымен олар Балқаш, Алакөл аймағындағы керейлерді тағы да босқындық күйге ұшыратқан.

Керейлердің бір тобы XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында Жошы тұқымы - Мауереннахр мен Хорасанда билік жүргізген Мұхаммед Шайбани ханның жорықтарына да қатысты.

Ұлықталуы: Тұғырылхан есімі «Моңғолдың құпия шежіресі», «Алтын шежіре», Рашид ад - Диннің «Жамих-ат тауарих» кітабында, Әбілғазының «Түрік шежіресінде» және қазақ қаламгерлерінен - Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпейұлы, Ә.Марғұлан, М.Тынышбаев, М.Мұқанов, М.Мағауин, Ш.Құмарұлы, З.Сәнікұлы, М.Қозыбаев, З.Қинаятұлы, А.Күзембаев, Қ.Сартқожаұлы, Ж.Ошан және т.б. қаламгерлер еңбектерінде көптеген деректермен қамтылған.

Шынжаң қазақтарында Зейнолла Сәнік «Тұғырылхан» атты деректі кітап жазса, Шәміс Құмарұлы «Тұғырылхан» атты роман жазған. Монғолиядағы Парламент депутаты Мұрат Дәкейұлы Тұғырылхан есімін ұлықтауды қолға алып, арнайы бірлестік құрып, ханның атында мұражай жасау қамында. Қазақстанда Нұр-Сұлтан қаласында «Тұғырылхан – Оң хан» корпоративтік қоры мен «Тұғырыл хан» қоғамдық бірлестік өз жұмысын жасап жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Тұғырылхан» / тарихи деректер жинағы. - Алматы: «Нурпринт», 2019., 12 б.
 2. Книга Марко Пола. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. - Алма-Ата: Наука, 1990. - 352 с., П.КарпиниженеГ.Рубрук. Путешествия в восточные страны ПланоКарлини иГильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. - Алма-Ата: Ғылым, 1993. - 248 с., К.д.Оссон. От Чингисхана до Тамерлана (Перевод и предисловие проф. Н.Козьмина) 2-е издание. - Алматы, «Санат», 1996. - 256 с., Б.Я. ВладимирцовОбщественный строй Монголов. (Монгольский кочевой феодализм), Л., 1934., Э.Хара-ДаванЧингиз-хан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII-XIVвеков. Алма-Ата: КРАМДС-Ахмед Яссауи, 1992, -272 с.ӘбілғазыТүрік шежіресі. Алматы, 1992, 396., Ш. ҚұдайбердіұлыТүрік,қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. - Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. - 80 б. З.Қинаятұлы Шыңғыс хан және қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу (Монография). - Алматы, Тарих тағлымы, 2010. -728 бет.
 3. З.Қинаятұлы Шыңғыс хан және қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу (Монография). - Алматы, Тарих тағлымы, 2010. -728 бет.
 4. Моңғолдың құпия шежіресі (көне моңғол тіліндегі түпнұсқалық транскрипциясы, ғылыми мағыналық аудармасы мен түсіндірмелерін, көрсеткіштерін жасаған Нәпіл Базылхан). Серия «Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері». -I том. -Алматы:Дайк-Пресс, 2006., 211б.
 5. Моңғолдың құпия шежіресі. XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі. Ауд. Сұлтанияұлы. - Алматы: Өнер,1998., 221 б.
 6. Чэнь Дэжун. XIII ғасырдың алдындағы Керей хандығы // Монғол, Юань дәуірі тарихы туралы зерттеулер. - Пекии: Жэнь мин чу бань шэ, 2005Chen Dezhi Mezhi. Mengyuanshiyanjiuconggaо, Beijing Renminchuban she, 2005 nian, 222 б.
 7. Н. Мыңжан. Қазақтың көне тарихы. - Алматы: Жалын, 1994. - 357 б.
 8. Рашид ад-Дин. Сборник летописей / перевод с персидского О.И. Смирновой, примечания Б.И. Панкратова и О.И. Смирновой, редакция проф. А.А.Семенова.-М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1952. -Т. I, кн.2. 133 б.
 9. Лю Ци. Бэй ши цзи Солтүстікке елшілік сапар естеліктер. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. - Саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерден таңдамалылар / Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б. Еженханұлы, Ж. Ошан, С. Сұңғатай. Ғылыми редакторы Б. Еженханұлы.- Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - Т. I. 68-71 бб.
 10. Сун Лянь. Юаньши Юань патшалығының тарихы. - Пекин: ЧХШЦ, 1976. 121 б.
 11. Ошан Ж., Еженханұлы Б. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. - V том. - Өулеттік тарихи жылнамалары. - 3-бөлім. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 44-45 бб.
- Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты Жұматай Саматтың «Тұғырылхан- тарихи деректерде» атты мақаласына

Айдарова Шолпан Абдрашитқызы

Лауазымы:тарих ғылымдарының кандидаты, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, халықаралық қатынастар, тарих және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті.

Пошталық мекен-жайы:020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 143 - 10

Ұялы. тел: +7 778 282 66 84

Жұматай Самат

Лауазымы:А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті магистранты

Пошталық мекен-жайы:150000, Қазақстан Республикасы, СҚО, Петропавл қаласы, Совет көшесі, 76 үй.

Ұялы. тел:+7 776 301 11 11

Тұғырылхан – тарихи деректерде

АйдароваШолпанАбдрашитовна

Должность:кандидат исторических наук, доцент кафедры Международные отношения,истории и социальной работы Кокшетауского университета имени А.Мырзахметова.

Почтовый адрес:020000, Республика Казахстан, г. Кокшетау, ул. Абая 143, кв.10.

Мобильный телефон:+7 778 282 66 84

Жұматай Самат

Должность:магистрант Кокшетауского университета имени А.Мырзахметова

Почтовый адрес:150000, Республика Казахстан, Северо-Казахстанский область, город Петропавловск, ул.Советская, 76.

Мобильный телефон:+7 776 301 11 11

Тұғырылхан – в исторических источниках

Aidarova Sholpan

Position: Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of International Relations, History and Social Work., Kokshetau University named after A. Myrzakhmetov.

Post address: 020000, Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Abay 143, apt. 10.

Mobile phone: +7 778 282 66 84

Zhumatay Samat

Position: magistrant Kokshetau University named after A. Myrzakhmetov.

Post address: 150000, Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk, Sovetskaya, 76

Mobile phone: +7 776 301 11 11

Tugurylkhan in historical sources